

## 2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 қарашадағы № 54-V Заңы.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 33-б. қараңыз.**

**1-бап.** 2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2013 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 5 152 711 777 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер бойынша – 3 511 723 367 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер бойынша – 88 890 504 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 7 700 000 мың теңге;
  - трансферттер түсімдері бойынша – 1 544 397 906 мың теңге;
- 2) шығындар – 5 743 716 813 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 40 831 419 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 122 125 013 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 81 293 594 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 158 721 629 мың теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу – 167 531 629 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 8 810 000 мың теңге;
- 5) тапшылық – -790 558 084 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 2,3 пайызы;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 790 558 084 мың теңге.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.11.2013 N 146-V Заңымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**2-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының " Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 17 480 000 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 3 767 472 мың теңге сомасында жалдау ақыларының түсімдері көзделсін.

**Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.11.2013 N 146-V Заңымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**3-бап.** Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2013 жылға арналған бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**4-бап.** Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

- 1) бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық" коды бойынша – жер қойнауын

пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режімі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ бұрын автомобиль жолдарын пайдаланушылардың Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте, салық режімі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады;

3) "Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын алым бойынша берешек;

4) "Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым бойынша берешек.

**5-бап.** Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомасынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайызы шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

**6-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, Алматы қаласының бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 121 056 185 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 44 225 473 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 24 607 177 мың теңге;

Алматы қаласынан – 52 223 535 мың теңге.

**7-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттердің түсімдері мыналарды:

1) мыналар:

көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді – 55 913 мың теңге;

халықтың көші-қоны саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді – 6 650 мың теңге ;

2) "Арлан" арнайы мақсаттағы бөлімшесін – 889 999 мың теңге;

3) жедел ден қою арнайы жасағын – 1 457 943 мың теңге;

4) республикалық маңызы бар мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіру жөніндегі функцияларды – 908 556 мың теңге;

5) жергілікті атқарушы органдардың:

мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау және лицензиялау мәселелері жөніндегі өкілеттіктерін – 754 640 мың теңге;

педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі өкілеттіктерін – 1 567 317 мың теңге;

халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі өкілеттіктерін – 10 500 859 мың теңге – беруге байланысты көзделсін.

Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттердің көрсетілген сомаларының республикалық бюджетке түсімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**7-1-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық бюджеттерінен орта білім беруде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынамалауды өткізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты 1 699 844 мың теңге сомасында трансферттердің түсімдері көзделсін.

**Ескерту. Заң 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**8-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің мөлшері 1 380 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

**8-1-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көлік инфрақұрылымын дамытуға 25 500 000 мың теңге сомасында нысаналы трансферт көзделсін.

**Ескерту. Заң 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**9-бап.** 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 18 660 теңге;

2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 9 330 теңге;

3) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 19 066 теңге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 1 731 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 18 660 теңге болып белгіленсін.

**10-бап.** Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы жөніндегі мемлекеттің кепілдіктерін алушының зейнетақы төлемдеріне құқықты иемденуі кезіндегі инфляцияның деңгейін ескере отырып орындау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 002 "Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту.** 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**11-бап.** 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

**12-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне берілетін субвенциялар көлемі 865 844 050 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ақмола облысына – 53 074 025 мың теңге;

Ақтөбе облысына – 32 805 572 мың теңге;

Алматы облысына – 103 465 940 мың теңге;

Шығыс Қазақстан облысына – 89 281 704 мың теңге;

Жамбыл облысына – 87 075 850 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысына – 13 485 381 мың теңге;

Қарағанды облысына – 58 562 240 мың теңге;

Қостанай облысына – 51 166 230 мың теңге;

Қызылорда облысына – 71 143 181 мың теңге;

Павлодар облысына – 27 722 239 мың теңге;

Солтүстік Қазақстан облысына – 50 819 740 мың теңге;

Оңтүстік Қазақстан облысына – 220 321 863 мың теңге;

Астана қаласына – 6 920 085 мың теңге.

**13-бап.** Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне:

1) көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға;

2) оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығын күтіп-ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелері жалпы білім беретін мектептерінің педагог қызметкерлері штат санының берілуіне байланысты;

4) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

5) режимдік стратегиялық объектілерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын штат санын ұстауға;

6) жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен ұсталатын ішкі істер органдары қызметкерлеріне арнаулы атағы үшін қосымша ақы мөлшерін арттыруға;

7) эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

8) тұқым шаруашылығын қолдауға;

9) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға;

10) мал шаруашылығын дамытуға;

10-1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеуге арналған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандатуға;

10-2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға;

11) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге;

11-1) жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұлғайтуға;

12) облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге;

13) метрополитенмен жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға;

14) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға;

15) "Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруға;

16) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

17) "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға;

18) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

19) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға;

20) қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағу үшін ай сайын ақша қаражатын төлеуге;

21) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханаларын, зертханаларын жаңартуға және қайта жабдықтауға;

22) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

23) өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне қосымша ақы белгілеуге;

24) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

25) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге;

26) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларына (мұғалімдеріне) жалақыдағы айырманы төлеуге;

27) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға;

27-1) жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға;

27-2) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынамалауға;

28) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге;

28-1) жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін күтіп-ұстауға;

29) жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

30) табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға;

31) ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға;

32) жаңадан іске қосылатын спорт объектілерін күтіп-ұстауға;

33) спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға 2013 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және (немесе) оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**14-бап.** Мынадай:

**1) алып тасталды - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

2) ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу;

3) ауыл шаруашылығы техникасының кредиттері (лизингі) бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемелерін арзандату;

3-1) қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау;

4) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және Қазақстан Республикасын әлеуметтік жаңғырту шеңберінде зерттеулер жүргізу;

5) "Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берілген, таратылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген зиянды өтеу бағыттары бойынша іске асырылатын қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**15-бап.** Мынадай:

1) облыстық бюджеттерді, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үй жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға кредиттеу;

**2) алып тасталды - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу;

4) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу бағыттары бойынша іске асырылатын, "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасы шеңберінде қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**16-бап.** Мынадай:

1) кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін облыстық бюджеттерді кредиттеу;

2) жобаларды іске асыру үшін банктердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау;

3) жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру;

4) кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу – кәсіпкерлікке оқыту;

5) қоныс аударуға субсидия беру;

6) ағымдағы жайластыру бағыттары бойынша іске асырылатын, Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**17-бап.** Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыруға арналған қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту.** 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**18-бап.** Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2013 жылға арналған қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**19-бап.** Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру бойынша қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**20-бап.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылға арналған резерві 46 024 637 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту.** 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.11.2013 N 146-V Заңымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

**21-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Азия даму қорына Қазақстанның донорлық жарнасын төлеу 780 000 мың теңге сомасында көзделсін.

**22-бап.** Алып тасталды - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**23-бап.** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібімен шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 800 000 мың теңге сомасындағы қаражатты көрсете отырып, 11 638 230 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

**Ескерту.** 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**24-бап.** Қарыз алушы қаза болған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда, мемлекеттік білім беру кредиттері және студенттік кредиттер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің талаптары 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылады деп белгіленсін.

**25-бап.** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таратылған заңды тұлғаларға мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген кредиттер мен қаражат бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалардың тізбесі және берешегінің көлемі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің талаптары 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылады деп белгіленсін.

**26-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы болған күннен бастап алты ай ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жетіспейтін құжаттаманы табыс етуі туралы кейінге



қалдыру шартымен бюджеттік инвестицияларды іске асыру көзделсін, ол аталған шарт сақталмаған кезде түзетілуге жатады.

**27-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 296 904 мың теңге көзделсін.

**28-бап.** 2013 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 60 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

**29-бап.** 2013 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 4 770 600 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

**Ескерту.** 29-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.06.2013 N 110-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**30-бап.** 2013 жылы мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 50 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

**31-бап.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің концессиялық міндеттемелерінің лимиті 2013 жылы қолданылмайды деп белгіленсін.

**32-бап.** 2013 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2013 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

**33-бап.** Осы Заң 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н.НАЗАРБАЕВ

"2013 - 2015 жылдарға арналған  
республикалық бюджет туралы"  
Қазақстан Республикасының  
2012 жылғы 23 қарашадағы  
№ 54-V Заңына  
1-ҚОСЫМША

## 2013 жылға арналған республикалық бюджет

**Ескерту.** 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР 29.11.2013 № 146-V Заңымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
1	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
1		2	3
		I. Кірістер	5 152 711 777

		Салықтық түсімдер	3 511 723 367
1		<b>Табыс салығы</b>	<b>1 132 344 737</b>
	1	Корпоративтік табыс салығы	1 132 344 737
5		<b>Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар</b>	<b>1 482 730 185</b>
	1	Қосылған құн салығы	1 237 031 100
	2	Акциздер	33 051 218
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	203 561 375
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3 667 924
	5	Ойын бизнесіне салық	5 418 568
6		<b>Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар</b>	<b>880 038 465</b>
	1	Кеден төлемдері	863 031 612
	2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	17 006 853
8		<b>Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер</b>	<b>16 609 980</b>
	1	Мемлекеттік баж	16 609 980
		Салықтық емес түсімдер	88 890 504
1		<b>Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер</b>	<b>49 413 942</b>
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	4 959 150
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	10 155 330
	4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	21 639
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	24 699 342
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	244 496
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 728 538
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	7 605 447
			<b>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер</b>

2	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1 662 971
	3	<b>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері</b>	<b>5 929</b>
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері
	4	<b>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар</b>	<b>15 458 753</b>
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
	5	<b>Гранттар</b>	<b>1 370 040</b>
2		Қаржылық көмек	1 370 040
6	<b>Басқа да салықтық емес түсімдер</b>	<b>20 978 869</b>	
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	20 978 869
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7 700 000
	1	<b>Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату</b>	<b>150 000</b>
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату
	2	<b>Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату</b>	<b>7 550 000</b>
1		Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	7 550 000
4		Трансферттердің түсімдері	1 544 397 906
	1	<b>Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер</b>	<b>138 897 906</b>
		1	Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын трансферттер
	4	<b>Ұлттық қордан трансферттер</b>	<b>1 405 500 000</b>
1		Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер	1 405 500 000
		<b>II. Шығындар</b>	<b>5 743 716 813</b>
		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	284 029 138
		<b>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі</b>	<b>3 906 153</b>

101	001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 041 760
	002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету	208 824
	003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану	223 679
	005	Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің күрделі шығыстары	115 186
	006	Қоғамның рухани-имандылық тұрғысынан қайта түлеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 740
	007	Орталық коммуникациялар қызметінің жұмысын қамтамасыз ету	301 964
	102		<b>Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы</b>
001		Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 350 766
004		Қазақстан Республикасы Парламенті ШБ-ң күрделі шығыстары	332 245
090		Заң жобаларын әзірлеу бойынша әлеуметтік зерттеулер	45 214
104		<b>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі</b>	<b>3 365 822</b>
	001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 637 212
	002	Мемлекеттік органдарда және мекемелерде ақпаратты техникалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	52 849
	004	Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің күрделі шығыстары	301 478
	005	Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтер	33 894
	011	Назарбаев орталығының қызметін қамтамасыз ету	1 340 389
106		<b>Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық</b>	<b>69 288</b>
	001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы жөніндегі қызметтер	68 856
	002	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың күрделі шығыстары	432
201		<b>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</b>	<b>16 081</b>
	002	Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету	16 081
204		<b>Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі</b>	<b>37 071 013</b>
	001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	5 678 979
	003	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	208 087
	004	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің күрделі шығыстары	989 074
	005	Шетелдік іссапарлар	2 602 146
	008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	79 554
	009	Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	2 738 025

	010	Шетелде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру	19 172 429
	013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру	225 193
	017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	5 377 526
214		<b>Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі</b>	<b>8 062 685</b>
	007	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулерді іске асыруды қамтамасыз ету	232 843
	008	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру	585 175
	028	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	7 244 667
215		<b>Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі</b>	<b>32 007 459</b>
	024	Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін ұйымдастыру	14 847 623
	025	Байланыс операторларының басқару жүйесін және желілердің мониторингін сүйемелдеу	4 287 206
	027	Қазақстан Республикасының орбиталдық-жиілік ресурсын халықаралық-құқықтық қорғау және үйлестіру	125 638
	036	Ақпараттық-коммуникациялық желілердің мониторингі жүйесін сүйемелдеу	255 938
	039	Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7 644 419
	040	Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	1 588 940
	042	Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалауды жүргізу жөніндегі қызметтері	56 250
	043	"Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасын дамыту	884 692
	044	"Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі" ақпараттық жүйесін құру	307 248
	050	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарын салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 759 505
	052	Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	250 000
		<b>Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі</b>	<b>66 326 980</b>
	001	Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету және оның атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51 120 935
	002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	18 480
	003	Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу	76 570
	009	Кинология орталығының қызметтері	125 075
	014	Кеден қызметін жаңғырту	1 706 280

1	016	Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	524 402	
	019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	12 890	
	021	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күрделі шығыстары	1 617 328	
	023	Кедендік сараптама жүргізу	26 697	
	025	Оқу-әдістемелік орталығының қызметтері	83 262	
	217	026	Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу	750 109
	027	Меншікке мониторинг жүргізу және оның нәтижелерін пайдалану	251 997	
	031	"КААЖ" және "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру	225 444	
	033	"Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін жаңғырту	1 787 084	
	036	Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	1 291 240	
	040	Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	144 001	
	061	"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	1 447 493	
	064	"Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесін құру	883 000	
	067	Саяси партияларды қаржыландыру	3 716 305	
	070	"Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлігін есепке алу	24 609	
	072	Салық әкімшілігін жүргізуді реформалау	210 816	
	073	Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту және "Қазынашылық-клиент" компонентін құру	25 019	
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	257 944	
	222		<b>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі</b>	<b>7 020 918</b>
		001	Экономика және сауда саясатын, мемлекеттік жоспарлау мен басқару жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі қызметтер	3 919 946
003		Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу	58 863	
005		Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөніндегі қызметтер	47 823	
006		Бюджеттік инвестициялар және концессия мәселелері бойынша құжаттаманы бағалау және сараптау	387 223	
008		Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына мониторинг жүргізу	31 407	
010		Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктерімен өзара іс-қимыл	32 663	
011		Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулерді іске асыруды қамтамасыз ету	1 133 993	
012		Мемлекеттік басқаруды жетілдіру	281 500	
015		Сауда саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	502 340	
016		Астана экономикалық форумын өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	375 005	
017		Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің күрделі шығыстары	85 698	
020		Қазақстан Республикасын әлеуметтік жаңғырту шеңберінде зерттеулер жүргізу	164 457	

		<b>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</b>	<b>40 002 253</b>
225	014	Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар	107 028
	015	Ғылымды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік ұйымдардың күрделі шығыстары	827 966
	055	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет	32 173 753
	130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	6 893 506
		<b>Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті</b>	<b>1 620 509</b>
406	001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету	989 408
	003	Қаржылық бақылау органдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	121 930
	004	Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу	168 224
	005	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің күрделі шығыстары	83 727
	006	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру	257 220
			<b>Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі</b>
606	001	Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер	5 927 692
	002	Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер	1 380 241
	007	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің күрделі шығыстары	264 704
	009	Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер	69 035
	011	"е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту	551 624
	012	Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту	539 941
			<b>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі</b>
608	001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	1 053 825
	005	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер	152 687
	009	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің күрделі шығыстары	54 360
	013	"Е-қызмет" персоналды басқарудың интеграциялық ақпараттық жүйесін құру	714 938
	015	Мемлекеттік қызмет саласында ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми-қолданбалы әдістемелер әзірлеу	30 000
	016	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметінің жаңа моделі тұжырымдамасын іске асыру бойынша сараптамалық қолдау	25 370
			<b>Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі</b>
637	001	Қазақстан Республикасы Конституцияның республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	276 877
	002	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің күрделі шығыстары	7 607
		<b>Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы</b>	<b>839 026</b>

690	001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	492 481
	002	Сайлау өткізу	334 985
	003	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының күрделі шығыстары	11 560
694		<b>Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы</b>	<b>62 943 825</b>
	001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	27 628 855
	009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту	176 000
	017	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының күрделі шығыстары	34 050 627
	024	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының күрделі шығыстары	1 088 343
		Қорғаныс	383 504 027
202		<b>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі</b>	<b>60 034 835</b>
	001	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметтер	8 724 802
	002	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	35 013 914
	003	Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	7 809 474
	004	Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу	12 711
	005	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің күрделі шығыстары	511 007
	007	Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға даярлау	22 133
	008	Әскери қызметкерлерге тұрғын үй алу	151 587
	009	Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	74 052
	011	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің күрделі шығыстары	5 396 936
	016	Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық жүйесін құру	1 145 238
	017	Төтенше жағдайлар министрлігі жүйесінің мамандарын шетелдік оқу орындарында даярлау	66 440
	020	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықты, объектілер мен аумақтарды дүлей табиғи зілзалалардан қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы даму трансферттері	999 503
	022	Тәуекелдерді бағалау, дүлей зілзалалардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ұлттық әлеуетті күшейту	107 038
		<b>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі</b>	<b>318 001 707</b>



	001	Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер	2 068 803
	002	Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	7 606 070
	004	Қарулы Күштердің объектілерін салу	14 914 804
	006	Салааралық мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қару-жарақ, әскери және өзге де техниканы, байланыс жүйелерін жаңғырту, қалпына келтіру және сатып алу	92 301 486
	007	Қарулы Күштерді тылдық қамтамасыз ету	31 851 187
208	009	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің күрделі шығыстары	692 067
	010	Арнайы қызметті қамтамасыз ету	9 085 112
	013	Сыртқы саяси мүдделерді қамтамасыз ету	737 155
	014	Әскери қызметшілердің тәрбиелік және моральдық психологиялық даярлығын арттыру	440 074
	015	Әскер жасына дейінгілерді әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау	337 839
	016	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күрделі шығыстары	16 274 918
	019	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру	138 568 392
	021	Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету	2 938 858
	090	Қорғаныс саласындағы зерттеулер	184 942
678		<b>Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы</b>	<b>5 467 485</b>
	001	Күзетілетін адамдардың, объектілердің қауіпсіздігін және дәстүрлі рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етуге қатысу	5 353 488
	002	Республикалық ұланның даму бағдарламасы	113 997
		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	511 838 346
104		<b>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі</b>	<b>658 376</b>
	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету	658 376
		<b>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</b>	<b>222 128 668</b>
	001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын ұйымдастыру және айқындау жөніндегі қызметтер	50 984 064
	003	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	269 708
	004	Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ішкі әскерлердің қызметтері	43 450 350
	005	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	669 923

201

007	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік және қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу, реконструкциялау	6 541 255
009	Облыстық бюджеттерге және Алматы қаласының бюджетіне қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік объектілерін салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 049 603
010	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 967 593
015	Жеке куәлік құжаттарын дайындау	7 287 583
016	Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар, нөмір белгілерін дайындау	3 785 037
017	Жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру	9 014 370
018	Ақы төлеуден босатылған адамдарға адвокаттар көрсететін заңгерлік көмекке ақы төлеу	575 962
020	Нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер	52 111
022	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің күрделі шығыстары	5 373 632
024	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты мекемелерінің күрделі шығыстары	3 946 327
025	Заңсыз сақталған қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды ерікті түрде өтемді тапсыруды ынталандыру	408 937
027	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің күрделі шығыстары	14 171 292
033	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарактандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 212 995
035	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығын күтіп-ұстауға және материалдық-техникалық жарактандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	25 457
040	Сотталғандарды, күдіктілерді және айыпталушыларды ұстау	32 588 710
041	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және мекемелерінің күрделі шығыстары	4 754 572
043	Шығыс Қазақстан облысының облыстық бюджетіне Солнечный кентінде қазандық салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	435 117
045	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	600 616
046	Алматы қаласының бюджетіне метрополитенде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті күзетуді қамтамасыз ету бойынша Алматы қаласының ІІД қосымша штат санын ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	202 634
047	Облыстық бюджеттерге, Алматы қаласының бюджетіне режимдік стратегиялық объектілерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын штат санын ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	176 877
049	Қызметтік ғимараттар кешенін салу	28 815

050	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнаулы атақтары үшін қосымшаақы мөлшерін арттыруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	13 265 938
051	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйелерін дамыту	505 125
052	Алматы облысының облыстық бюджетіне Алматы облысында өңірлік процессингтік орталық құруға берілетін нысаналы даму трансферттері	130 383
054	Облыстық бюджеттерге Қазақстан Республикасының шағын қалаларын жедел басқару орталықтарының бағдарламалық-ақпараттық кешендерін құруға берілетін нысаналы даму трансферттері	570 000
055	Ақмола облысының бюджетіне Щучье-Бурабай курорттық аймағының ішкі істер органдарының бөліністерін материалдық-техникалық жаратандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	42 000
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	41 682
	<b>Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі</b>	<b>25 479 444</b>
001	Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету	8 215 446
002	Сот сараптамаларын жүргізу	2 180 042
005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	307 778
006	Нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың жобаларына, заң жобаларының тұжырымдамаларына ғылыми сараптама	1 457 999
007	Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау	5 448
009	Құқықтық насихат	477 031
013	Сот актілерінің орындалуын қамтамасыз ету	4 043 250
016	Тәркіленген және тыйым салынған мүлікті бағалау, сақтау және сату	96 145
022	Әділет органдарының күрделі шығыстары	1 704 031
047	Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау, сот немесе төрелік талқылаулар перспективаларын бағалау және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар және инвестициялық шарттар жобаларының құқықтық сараптамасы	6 027 054
050	Қазақстанда құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және БҰҰ әмбебап кезеңдік шолу ұсынымдарын тиімді іске асыру	39 370
055	Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының қызметін қамтамасыз ету	329 421
057	Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіні құру	314 711
058	Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру	281 718
	<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті</b>	<b>162 511 361</b>
410 001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	154 524 268
002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	7 987 093

411		<b>Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі</b>	<b>9 785 571</b>
	001	Сыртқы барлауды қамтамасыз ету	9 785 571
501		<b>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты</b>	<b>29 903 614</b>
	001	Жоғарғы сот органының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін соттық қорғауды қамтамасыз етуі	2 073 508
	003	Сот процесіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	34 760
	004	Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	700 404
	007	Сот билігінің жергілікті органдарының сот төрелігін іске асыруын қамтамасыз етуі	23 212 544
	009	Сот жүйесі органдарының күрделі шығыстары	724 545
	012	Сот жүйесі органдарының объектілерін салу	2 796 717
	013	Қазақстан Республикасында медиация институтын енгізу	17 250
	014	Сот құжаттарының электрондық мұрағатын құру	343 886
	502		<b>Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы</b>
001		Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	20 586 390
002		Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл	1 442
004		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының күрделі шығыстары	930 800
006		Мемлекеттік органдарды, заңды тұлғаларды құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы есепке алу, статистикалық ақпараттармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 102 701
008		Прокуратура органдары үшін объектілер салу, реконструкциялау	2 015 017
009		Қылмыстық процестерге қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету	39 780
010		Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдары үшін ақпарат алмасу жүйесін құру	300 272
011		Адвокаттардың тергеуге дейін және тергеуде заңгерлік көмек көрсетуі	3 043
012		Астана қаласының бюджетіне Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының әкімшілік ғимаратын салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	758 000
013	"Мемлекеттің алдында міндеттемелері бар адамдардың "Шектеу" бірыңғай деректер банкі" ақпарат жүйесін құру	685 156	
		<b>Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)</b>	<b>17 781 520</b>
	001	Қоғамдық қатынастардағы және экономикалық қылмыстағы жемқорлық деңгейін төмендету	11 593 897
	002	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	366 240

618	005	Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) күрделі шығыстары	1 305 478
	007	Қаржы полициясы органдарының жедел-ізвестіру қызметі	4 027 428
	008	Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені дамыту	472 237
	018	Адвокаттардың тергеуге дейін және тергеуде заңгерлік көмек көрсетуі	16 240
680		<b>Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі</b>	<b>14 167 191</b>
	001	Мемлекеттер басшылары мен жекелеген лауазымды адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	9 896 334
	002	Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметін дамыту бағдарламасы	4 270 857
		Білім беру	445 757 544
104		<b>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі</b>	<b>44 254 608</b>
	008	Шетелдік мамандарды тарта отырып, біліктілікті арттыру үшін мемлекеттік қызметшілерді оқыту бойынша қызметтер көрсету	68 500
	009	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-на нысаналы салым	44 186 108
201		<b>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</b>	<b>7 883 944</b>
	021	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесіндегі білім	7 868 279
	042	Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің жалпы білім беретін мектептері педагог қызметкерлерінің штат санының берілуіне байланысты берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	15 665
202		<b>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі</b>	<b>705 869</b>
	006	Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	705 869
208		<b>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі</b>	<b>10 202 798</b>
	005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	367 837
	011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	9 147 362
	017	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	687 599
212		<b>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі</b>	<b>3 254</b>
	007	Ауыл шаруашылығы саласындағы білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 254
214		<b>Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі</b>	<b>163 772</b>
	005	Кәсіпкерлік саласындағы басшы қызметкерлер мен менеджерлердің біліктілігін арттыру	163 772
		<b>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</b>	<b>350 113 267</b>

001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 733 194
002	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	2 519 888
004	Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	1 856 762
005	Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау	8 873 003
008	Білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету	2 819 374
009	Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	14 739 681
010	Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстар, мектептен тыс республикалық маңызы бар іс-шаралар өткізу	565 393
